



Жұматаева З.

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ӨЗГЕ ҰЛТ
ӨКІЛДЕРІНЕ
ЛИНГВОЕЛТАНЫМДЫҚ
БАҒЫТТА ҚАТЫСЫМДЫҚ
НЕГІЗДЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

В статье рассматриваются вопросы методики обучения казахскому языку представителей лингвострановедческом аспекте.

The questions of methods of teaching Kazakh language the representatives of other nationalities in lingual country study aspect are considered in this article.

Ғылым дамуында заман дамуымен сай, өзіне тән таным аясындағы белгілі бір ой немесе пікір ерекше орын алып тұрады. Кей ретте бір емес бірнеше ойдың тоғыса келіп, жаңа идея арнасына түсіруі де мүмкін. XX ғасырға тән тенденциялар деп, ғалымдар жүйелілікті, құрылымдылықты, функционалдылықты, оптималдылықты т.б. атайды. Ғасырлар ауысымы тұсында «адам» деп аталатын құндылық өзекті болып табылды. Біріккен Ұлттар Ұйымы XXI ғасырдың алғашқы жылдары Әлем мәдениеті мен күш жұмсмаудың он жылдығы болып жарияланды. Қазақстан болса, мәдени қорға бетбұрыс жасады. Міне, Адам – мәдениеттегі басты тұлға. Адамды ұлығлау - мәдениетті, адам тілін дамытудың басты шарты. Тілден тыс, сөйлесімсіз (диалогсыз) мәдениет болмайды.

Тіл мен мәдениет өзара тығыз байланысты. Тіл – адамдар арасындағы ақпарат алмасу құралы болса, мәдениет дегеніңіз адам қарым-қатынасы құралы мен жағдайын қалыптастырушылық қызметін атқарады. Кез келген Адам – белгілі бір этностың өкілі. Адамды ұлықтау - ұлтты (этносты) тәрбиелеу, халықтың мәдени дәстүрін дамыту. Адам ұрпақтар сабақтастығымен құнды. Адам танымының көкжиегі кеңейіп, талаптар деңгейі биіктеп, ойлау дәрежесіне осыған сай шеберліктер қажет болуы – оқу мен білім дамуының нәтижесі және оқу мен білімнің одан әрі қарай дамуының жолын қалауы деп түсініледі.

Әр заман ұрпағының алдында мынадай міндеттер тұрады.

- біріншіден, адам баласы өзіне дейінгі игерілген білім мен мәдениет жетістіктерін **игеруі тиіс.**
- Екіншіден, әрбір ұрпақ өзі өмір сүріп отырған кезеңіндегі білім мен мәдениет жетістіктерін **қолдана білуі тиіс.**
- Үшіншіден, игерілген білім мен мәдениет жетістіктерін **дамытуы және соған үлес қосуы тиіс.**
- Төртіншіден, жаңа заманыңа лайық жетістіктерді **саралап қоса білуі тиіс.**
- Бесіншіден, өзінің бұрынғы игергені мен қосқан жетістігін келесі ұрпаққа **қалдыру керек.**

Осындай келелі міндеттердің шешілуінің басында, міндетті түрде **оқу процесі** тұрады. Дидактикалық ілім болса, соның шынайы түрде жүзеге асуына негіз болады. Біздің дәуірімізге дифференциация да интеграция да тән болып отырғаны белгілі. Дифференциация барысында тұтас танылған объектінің одан әрі қарай таныла түсуі ізі анықталса, интеграция барысында алшақ деген ғылымдардың өзінің бірігуі, түйісу нүктелері



анықталып жатыр. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде осы екі бағыт та айқын байқалады. Қазақ тілін ана тілі ретінде оқыту процесіндегі көптеген өзгерістер мен жаңалықтар осындай дамудың нәтижелері болып табылады. Қазақстан Республикасы бүгінде дүниежүзілік ерекше қарым-қатынас жүйесіне қосылып отыр. Бұл мәселе тек саясаткерлердің ғана емес, әсіресе, білім саласындағы мамандардың күн тәртібіне ерекше таңбамен қойылуы тиіс.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде жаңа заман талаптарына сай оқыту технологиясын жетілдіру талаптары қойылып отыр. Соған орай педагог мамандар оқытудың әлемдік жетістіктеріне барлау жасап, оқытудың ең тиімді әдіс-тәсілдерін зерттеп, оқу үрдісінде тәжірибе жүзінде сынап келеді. Оқыту саласында әлемдік деңгейде танылған озат оқыту технологиялары қазіргі мектепте, жоғары оқу орындарында кеңінен қолдау тауып, жан-жақты пайдаланылып келеді. Бірнеше оқыту әдістерін салыстыра қарастыру арқылы әр оқытушы өздерінің мүмкіндігі мен бейімділігіне қарай оқытудың жаңа технологияларын тандап, сұрыптап өздерінің күнделікті білім беру, оқыту әрекеттерінде қолданып отырады. А.Байтұрсынов өзінің «Қай әдіс жақсы» мақаласында: «Әдіс- керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы- жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай. Мәселен, сауаттау әдісін алсақ, бір жұрттың сауаттау ісіне қолайлы, оларға тиіс деп айтуға болмайды. Екеуінің тілінің заңы, емлесінің жүйесі бірдей болса, біріне қолайлы болған әдіс екіншісіне де қолайлы болуы мүмкін», - дейді [1].

Қазақ тіліне деген қызығушылық оқытушының тиімді әдістерді таңдауы арқылы тіл үйренушінің жақсы оқуына, материалды жақсы ұғып алуына ықпал жасайды. Оқытушының іздеген әдісі шәкірт санасына дарып, оның білім алуына жағдай жасаса, оқытушының еңбегі нәтижелі болатыны сөзсіз. Тілді үйренушінің дүниетанымын кеңейтіп рухани дамытып, жан-жақты білім беруде жаттығулардың өзіндік алатын орны бар.

Жалпы тілді, оның ішінде қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру жайының лингвистикалық негізі қазақ тілі біліміне байланысты екені баршамызға аян. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық негіздерінің бірі - тіл білімдік немесе лингвистикалық негіз. Олай болса, оның негізгі нысаны да қазақ тілінің жалпы заңдылықтарымен таныстыру. Қазақ тілі- бай сөздік қоры, өзіндік дыбыс құрамы бар, сөзжасам мен сөздерді түрлендіру жүйесі бар, сөз тіркестері мен сөйлем жүйесі бар, солар арқылы сөйлетуді қамтамасыз ететін құбылыс - деп қарасақ, оны екінші тіл ретінде басқа ұлт өкілдеріне оқытудың өзіндік ерекшеліктері мен әдіс-тәсілдері де бары анық. Бұндай әдіс-тәсілдерді қарастыратын, ретке келтіретін қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымы. Қазақ тілін оқыту әдістемесі қазақ тіл білімі оқытатын тіл салаларын, тілдік материалдарды негізге ала отырып, өзара тығыз байланыста оқытуды белгілейді. Тілдік материалдың байланысын сабақта жақсы, дұрыс ұйымдастыру тілді сапалы да тиімді үйретуге әкеледі. Қазақ тілінің өзіне тән заңдылықтары мен грамматикалық ережелерін үйренбей, студент немесе тіл үйренуші өз ойын басқаларға жеткізе алмайды. Сондай-ақ қазақ тілінде сөйлесе де алмайды. Осы орайда К.Жақсылықова қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру әдістемесінің лингвистикалық негізін анықтауда алдымен мынадай екі мәселеге көңіл бөлген жөн дейді:

1. Қазақ тілінің жүйесіне, қазақ тіл білімінің негізгі заңдылықтарына сүйену;
2. Қазақ және орыс тілдері жүйесін салыстыра талдау мәліметін ескеру» [2].

Қ.Қадашева өзінің «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты кітабында (еңбегінде) «Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту (ЕТО)» деген тарауында жаңаша жаңғыртып оқытудың әдістемелік түрлерін, ұстанымдарын жетілдіруге, тәсілдерін барынша өзгертуге тырысады, оның мақсаты мен мағынасы арасындағы сәйкессіздікті жоюды басшылыққа алады. Сондай-ақ лингвистикалық ұстаным туралы былайша түйін жасайды: «Лингвистикалық ұстанымдар: мәдениет пен тілді байланыстырып оқыту. Тілді оқытқанда сол үйренетін тілді тұтынушы халықтың мәдениетін, тарихын, әдебиетін, дәстүр-салтын және тілін байланыстыра үйрету табысты болады» [3]- дейді.

Тіл қарым-қатынас құралы, тіл – таным құралы, тіл – эмоция, сезімді білдіру құралы деген қағидалар қазақ тілін өзге тілді аудиторияда оқыту әдістемесінде көп қарастырылып келеді. Ал тілдің, оның ішінде қазақ тілінің де, кумулятивтік қызметіне және тілдің адамды адамгершілікке тәрбиелейтін, яғни адамды – Адам ететін құрал ретіндегі қызметіне назар толығымен түспей келеді.

Тілдің ішкі мүмкіншіліктерін лингвомәдениеттану тұрғысынан талдай отырып, осы тұрғыдан студентке үйрететін болсақ, студенттің – тек жоғары білікті маман ғана емес, сонымен бірге рухани дүниесі мол Адам болып қалыптасуына, сол жолда өмір сүретін сенімді әдістер мен тәсілдерді игеруіне жол қалар едік. «Білімді адам» – ішкі жан-дүниесінің қуатын мол етіп дамытқан //дамыған адам деп айтылады. Сонда білім алу дегеніміз – рухани күштерді ояту, дамыту үдерісі болып табылады. Білімнің



мазмұны сонда мәдениеттің қол жеткізген нәтижелерін меңгерту, игерту барысымен құралады. Басқа ұлт өкілдерінің Қазақстанда білім алуы дегеніміз – олардың қазақстандық мәдениет аясына енуі арқылы жоғары білікті маман, дүниетанымдық көзқарасы қалыптасқан саналы азамат болып қатыптасу үдерісі. Қазақ тілін лингвоелтаным бағытында оқыту әдістемесі – осы заман талабынан туындаған оқыту жүйесі болып табылады. Лингвоелтаным бағытында оқыту дегеніміз – тілді оқыту үдерісінде арнайы іріктелген тілдік мәліметтер арқылы сол тілді тұтынушы халықтың саяси-экономикалық, әлеуметтік даму жағдайы, тарихы, салт-дәстүрі мен мәдениеті, рухани құндылықтары жайлы мәлімет бере отырып, тілді қатысымдық бағытта оқыту әдістемесі.

Студенттердің қазақ тілін меңгеру әрекетін, шығармашылық, танымдық қабілетін белсенді әдістер арқылы дамытуға болады. Ол үшін лингвоелтаным тұрғысынан ұйымдастырылған әр сабақтың проблемалық аспектісі, студенттің жеке дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруды көздейтін міндеттері айқын болуы керек. Қазақ тілін оқыту үдерісінің динамикалық болмысын ескеретін болсақ, студенттердің білім алу, өзін-өзі дамыту, жан-жақты дамыған тұлғаға айналу деген құндылықтарды қалыптастыру туралы ой, ең алдымен өздерінің санасында туындауы керектігін түсінуін мүмкін ете аламыз. әрбір қазақ тілі сабағы – өмірлік проблемалық жағдаяттарды тануға, талдауға, шешуге үйрететін орын екендігіне студенттер өздері түсінетін болуы керек. Ал қазақ тілі оқытушысы болса, студенттің өмірлік жағдаяттарды шешіп үйренетін сабақтар өткізіп, бейімділік әрекеттерді, қатысымдық құралдарды саналы меңгеруіне жетекшілік етуі керек. Қазақ тілін оқыту барысында тілді үйренушінің қазақша сөйлеу тілін қатысымдық тұрғыдан дамыту процесі олардың мемлекеттік тілде еркін сөйлеп, пікірлесуіне мүмкіндік жасайды, пәнге деген қызығушылығын артады. Қатысымдық бағыт тілді оқытуда тілдік қарым-қатынасты сөйлесім әрекеттері арқылы жүзеге асыруды көздейді. Сөйлесім әрекетін қалыптастыруға бағытталған жаттығулар жүйесі тіл үйренушінің білімі мен біліктілігін арттырады.

Лингвоелтанымдық бағытта орындалатын жаттығуларды жүйелеуде осы қағиданы негізге ала отырып, инновациялық жаттығулардың сапалық және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттауға көшейік. Қазақ тілін лингвоелтаным бағытында оқыту сабақтарының көздеген мақсатына жетуі онда орындалатын жаттығуларға тікелей байланысты. Сондықтан сабақтың мақсаты мен орындалатын жаттығулар өзара үйлесуі міндетті болып табылады. Мақсатқа жетуде қолданылатын құралдардың лайықтылығына көп орын берілетін екінші тілді оқыту сабақтарында жаттығуларды іріктеу мәселесі күрделі де маңызды әдістемелік мәселе болып саналатыны белгілі. Лингвоелтанымдық қазақ тілі сабақтарына жаттығулардың сәйкес болуы - жаттығулардың потенциалық мүмкіншілігі. Сабақтың тақырыбына сәйкес келген жаттығулардың сапалылығы студенттердің білім мазмұнын игеруі мен білім алу дағдыларын меңгеруіне тірек бола алады. Мысал келтірейік.

«**Оқытушы:** - Құрметті студенттер! Бүгінгі орындайтын жаттығулардың ерекше мәнісі бар. Ол жаттығуларды орындай отырып, біз **Қазақ еліне саяхат** жасаймыз.

Ең алдымен, мына картаға қараңыздар. Картамен танысуға сіздерге 4 минут беріледі. *Одан соң*, мына сұрақтар бойынша ауызша жауап беруге тырысыңыздар. Егер дұрыс жауап берсеңіздер саяхат жолдамасы сізге тегін беріледі. Ал егер дұрыс жауап бере алмасаңыздар грамматикалық жаттығулар орындап барып қана саяхатқа шыға аласыздар.

Сұрақтар:

- 1) Қазақстанның астанасы қай қала?
- 2) Қазақстан қандай елдермен шекаралас?
- 3) Қазақстанның климаты қандай?
- 4) Қазақстанда қандай ірі таулар бар?
- 5) Қазақстан Республикасының рәміздерін атаңыз.

Мұндағы мақсат студенттердің сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және ең бастысы, ойлау операцияларын қазақша сөзбен көркемдеу, сыртқа шығаруда қазақ сөздерін дұрыс айту тәсілдеріне үйрету. Келесі жаттығулар легі мынадай болып келеді.

«**Оқытушы:** - Құрметті студенттер, картадан Астана қаласын көріп отырмыз. Осы Астана қаласына біраз аялдап, ондағы көрнекі орындарды аралаймыз. Сіздерге осымен байланысты мына жаттығуларды орындау керек болады.

- 1) *АСТАНА қаласы Қазақстанның қай жеріне орналасқан? «Сарыарқа» деген сөзді қалай түсінесіз?*
Бұл – сөйлеудің грамматикалық дағдыларын қалыптастыру жаттығуларының «қабылдау» дағдыларына байланысты орындалатын жаттығу түрі.



- 2) *Сіз өзіңіздің жеңіл машинаңызбен Астана қаласының көшесінде келе жатырсыз. Сізге Абылай хан атындағы даңғыл керек. Оны көшедегі жүргізушілерден қалай сұрайсыз? Бұл – грамматикалық дағды қалыптастырудың «еліктеу» кезеңіне қатысты жаттығу түрі.*
- 3) *Сізге біреу телефон шалды. Телефонда мына сөздер дұрыс естілмей қалды. Соларды жазба түрде дұрыстап жазыңыз: С...ні Б...генб...й к...шесі мен Аб...лайх...н да...ғылын...ң қыыл...сында к... темін.* Бұл – дағды қалыптастырудың үшінші кезеңінде орындалуы тиіс орнына қою жаттығулары.
- 4) *Astana sehrinde kitap evleri cok. Mağan солардан Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» кітабын ала келіңіз. Осы сөйлемдерді алдымен түрікшеге, сосын қазақшаға толық аударыңыз. Бұл жаттығу – трансформациялау (өзгерту) дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығу түріне жатады.*
- 5) *Магнитофоннан мына сөздерді жақсылап тыңдап алыңыз: кең, нұрлы, еркін, дала, ел, халық.*
 – Оларды қайталап айтыңыз.
 – Олармен сөз тіркестерін құраңыз да, түрікшеге аударыңыз.
 – Осы сөздердің әрқайсысын қосып, сөйлемдер құраңыз.
 Бұл – аралас жаттығу, оны орындау барысында студент Тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым оқу әрекеттерін бірізділікпен орындай алады.

б) *Құрметті студенттер! Ал қазір бәріңіз мына әнді тыңдаңыз және мына мәтінді келесі сабаққа дейін жаттап келу керек, оны қазір салып алыңыздар.*

Бұл - саяхат сабақты қорытудың бір түрі. Студенттерге «Астанам» әні тыңдатылады, мәтіні әрқайсысына таратылып беріледі».

Бұл сабақта лингвоелтанымдық сабақтың мақсатына сай тілдік және сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың бес кезеңі қамтылып, соларға сай жаттығулар орындалды., олар – *қабылдау, еліктеу, орнына қою (бос орынды толтыру), трансформация (түрлендіру, өзгерту), аралас* деп аталатын кезеңдер.

Лингвоелтанымдық бағытта орындалатын жаттығулардың өзіндік ерекшеліктері мен құрылымы болатыны анық. Бірақ, қалай десек те, жаттығулардың ортақ мәні мен қызметі болады.

«Жаттығу дегеніміз – оқу материалын әдістемелік ұйымдастырудың құрылымдық бірлігі болып табылады. Жаттығу тікелей оқу процесінде оқу материалын меңгеруге байланысты пәндік әрекеттерді орындауға арналады. Соның негізінде ақыл-ой әрекеттері қалыптасып, оқушылардың танымдық белсенділігі дамиды» [4]. Сабақта жаттығуларды орындаудың тиімділігін арттыру үшін Е.Пассовтың айтуына сүйене отырып, мынадай негізгі бес түрлі қағиданы ұстану керек деп санаймыз, олар:

- 1) студенттің жеке басына баса назар аудару (индивидуализация);
- 2) барлық жаттығулардың сөйлеуге бағытталуы (речевая направленность);
- 3) жаттығулардың жағдайлық сипаты (ситуативность);
- 4) жаттығулардың функционалдығы (функциональность) [5].

Тілді оқытудың негізгі мақсаты – тілді шынайы және толыққанды қарым-қатынас құрлы ретінде үйрету. әрбір тіл үйрену сабағы мәдениеттер тоғысуы, мәдениетаралық қарым-қатынас тәжірибесі, себебі әрбір сөз сол елдің өмірі мен мәдениетін, қоғамдық ой-пікірін, өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Демек өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету, тіл үйренушілердің қазақ тілінде оқып, жазу және мұғалімнен, оқулықтан алған білімдері қазақ елі жайлы жарнама емес, керісінше қазақ халқының көзімен қарау қабілетін дамыту негізі болып табылады. Ол қазақ тілін үйрету сабақтарына елтанымдық мәліметтерді енгізе отырып жүргізгенде ғана жүзеге асады деп санаймыз.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Қай әдіс жақсы? - Мақала. Жаңа мектеп, 1927ж, № 11
2. Жақсылықова К. Қазақ тілін орыс тілді бөлімдерде модульмен оқытудың ғылыми-теориялық негіздері. П.ғ.д. . дисс. – Алматы, 2001.
3. Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: өзге тілді дәрісханадағы қазақ тілі. П.ғ.д. . дисс. – Алматы, 2001.
4. Азимов Э.Г., Шукин А.Н. Словарь методических терминов. Санкт-Петербург. Златоуст. 1999
5. Пассов Е. Урок иностранного языка. – М. 1990. - 114 с
6. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Язык и культура. - Москва, 1976.
7. С.Г.Тер-Минасова. Язык и межкультурная коммуникация. – Москва, 2000
8. Беляев Б.В. Очерки по психологии обучения иностранным языкам. – Москва, 1965. – 223 с.
9. Томахин Г.Д. Понятие лингвострановедения, его лингвистические и лингводидактические основы // ИЯШ, 1980, №3, с. 77-80
10. Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. – М., 1997.